



*«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап
ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме- библиография бөлімі*

Құс жолының бір жұлдызы



Ақын, аудармашы
Шәміл Мұхамеджановтың
туғанына 90 жыл

(Жаднама)

**«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме- библиография бөлімі**

Құс жолының бір жұлдызы

**(ақын, аудармашы Шәміл Мұхамеджановтың
туғанына 90 жыл)**

(Жаднама)

Арқалық 2021

ӘОЖ 8Р
КБЖ 83.3
Қ 94

Құраст., компют. терген: К.М. Аубакирова
Жауапты ред.: Ә.Қ. Ахметжанова

Құрастырушы: К.М. Аубакирова
Шығарылымға жауапты: К.Б. Борибаева
Мұқабаны безендірген: С.М. Көшкінбай
Редактор: Ә.Қ. Ахметжанова

Құс жолының бір жұлдызы [Мәтін] : (ақын, аудармашы Шәміл Мұхамеджановтың туғанына 90 жыл толуына арналған) : жаднама / Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; К. М. Аубакирова ; шығарылымға жауапты К.Б. Борибаева ; ред. Ә.Қ.Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б.], 2021. – 24 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі ақын, аудармашы Шәміл Мұхамеджановтың туғанына 90 жыл толуына арналған жаднама дайындады. Жаднамада Шәміл Мұхамеджановтың өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 8Р
КБЖ 83.3


© К. М. Аубакирова

Өлеңмен өрген өмірін

Шәміл Мұхамеджанов

(1931–1980)

Қазқтың тамаша ақыны, Торғай жерінің перзенті, тума талант Шәміл Мұхамеджанов 1931 жылы қазанның 14 жұлдызында Қостанай облысы Жангелдин ауданының оталығы Торғай селосында туған. Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген. 1956 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітірген соң «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер болып қабылданады.



Жас талантты ақын ретінде көріне бастаған ол әдебиет қауымы ортасында өзіндік құрметке бөленіп, оның шығармашылық ізденістері жоғары бағаланады. Ақынның жаңа өлеңдер топтамасы 1959 жылы «Жас қанат» жас ақындар жинағына кіреді. Бұдан кейінгі жылдары ақын қаламынан оннан астам өлең жинақтар, балаларға арналған кітапшалары жарық көрді. Оның өлеңдеріне әдебиет сыншысы М. Қаратаев жоғары баға берді. Ақын 1959 жылы «Жазушы» баспасының поэзия редакциясына редактор болып орналасады. Мұнда ол көп жылдар бойы еңбек етеді. Сонымен қатар ақын аударма саласында зор еңбек етті. Оның аудармасымен М.Лермонтовтың, Я.Райнестің, Л.Украинканың, Т. Шевченконың, Р.Ғамзатовтың, Я.Смеляковтың және тағы басқа ақындардың шығармалары қазақ оқырмандарының қолына тиді.

Алғашқы жыр жинағы «Жоғалған көйлекте» балдәурен балалық шақтың қызықты сәттері арқау болған. Ақын Шәміл Мұхамеджановтың «Ана құшағы», «Адалдық», «Өмір гүлдері», «Ақ жалын», «Туысқан», «Дәуір дауысы», «Арқа сүйер-тірегім», «Ақ желең», «Көңілашар», «Күн төбеден ауғанда», «Назқоңыр», «Сөңбес махаббат», «Кіші жер», «Қошалақ», «Жас қанат», «Шабьтты шақ» шығармалары ақын жүрегінен төгілген айтар ойын айшықты сөзбен өрнектеген тамылжыта суреттеген шытырман оқиға толы жырлары қазақ поэзиясының сарқылмас қазынасына айналды.

Ш. Мұхамеджановтың тақырып өрісі кең: туған ана, туған жер, қатар- құрбы, сүйген жар тақырыбынан бастап барлық жырларында нағыз жүрек сөзін айтады, өмір көрінісі мен уақыт тынысы үндесіп жатады. Балғын балалық шағы соғыс кезіне тура келген ақын Ұлы Отан соғысындағы және тылдағы

халықтың ерліктерін, әрі соған орай бүгінгі бейбіт өміріміздегі адамдардың ерен еңбегін жырлап өтті.

Ақынның 70 жыл толуына орай «Жыр ғұмыр» шығармалар жинағы шықты. Сонымен қатар «Притяжение отчей земли» атты бір томдық өлеңдер жинағы орыс тілінде жарық көрді. Орыс тіліне аударғандар Амантай Азетов пен Лев Халиф. Қысқа ғұмырында ақын Қапан Мусин, Мәкәлім Қойшыбаев, Діңгебай Ботпаев, Әсет Бейсеуов, Ілия Жақанов сынды талантты сазгерлермен тығыз шығармашылық байланыс орнатып «Жар сағынышы», «Кел достар», «Ана арманы», «Еске алу», «Қайындар», секілді сәнді әндерге сөзде жазған. Ақынның жарының естелігіне жүгінсек М. Мақатаев, Ә. Дүйсенбиев, Е. Ибраһим, Ғ. Қайырбеков сияқты қазақтың ақтаңгерлерімен өте тығыз қарым-қатынаста болған. Арыстан жалды алғыр ақын Мұқағалидың өзі «Құрдасымын Шәмілдің» деп мақтанған, замандастары мен інілері «Шам-аға»деп құрметтеген Шәміл Мұхамеджанов өмірде аз жасаса да көп із қалдырған ақындар шоғырынан өз орнын ойып алған сөз зергерлерінің бірі. Ақын шығармашылығына үңілгенде біздің ерекше назарымызға іліккені бар-жоғы 49-ақ жыл өмір сүріп, артына жиырма шақты жыр жинақ қалдыруы, оның асқан лирик болғандығын растап, эпика жанрына табиғаты жақын болғандығын көрсетеді. Ақын нені жырласа да асқан шабытпен, қырағы байыптылық пен жырлайды. Алған тақырыбының реңін ашып, ойын жеріне жеткізбей тынбайды. Әр өнер иесі өмірде де, шығармашылық істе де өзіндік ерекшеліктерімен, өзіне тән мінез-құлықтарымен қалады. Шәміл шын мәнінде адалдықтың ақыны еді.

Мен ешкімнен байлық, бақ сұрамаймын,
Мен ешкімге жағынып, ұнамаймын.
Өзгелерден биікті қызғанбаймын,
Өзім шыққан биіктен құламаймын!

Арлы ақынның осы сөзінен-ақ, оның ақындық күш-қуатын, азаматтық бейнесі, арман-мақсаты көрініп тұр. Бір сөзбен айтқанда Шәміл Мұхамеджанов өз өлеңдері арқылы өмірдің ақиқатын айтып кеткен ақын.

Алпысыншы жылдардың аспанында құс жолындағы самғаған сан жұлдыздардай, талантты ақындар шоғырынан көріне білген Шәміл Мұхамеджанов 1980 жылы 15 желтоқсанда Алматыда дүние салды.

Адам сенде мың қасиет, мың мін бар,
Бірін- бірі арбаған сол құрғырлар

деген абзал ақын шығармашылығы алып қосары жоқ қайнауы жетілген құнды дүниелерден тұрады. Ұрпақты адалдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін өлеңдері де сан алуан. Поэзия кеңістігінің шырқау шыңына көтеріле білген Шәміл ақын өз өлеңдері арқылы өмірдің ақиқатын айтып кеткен ақын.

Шәміл Мұхамеджановтың шығармалары:



1. Мұхамеджанов, Ш. Шабытты шақ [Мәтін] : өлеңдер мен поэмалар / Ш. Мұхамеджанов ; алғы сөз жазғ.: М. Қаратаев. – Алматы : – Жазушы, 1981. – 480 б.
2. Мұхамеджанов, Ш. Дала тынысы [Мәтін] : өлеңдер мен балладалар / Ш. Мұхамеджанов. – Алматы : Жазушы, 1980. – 80 б.
3. Мұхамеджанов, Ш. Шағала көңілім, шарықта [Мәтін] : таңдамалы / Ш. Мұхамеджанов. – Алматы : Жазушы, 1974. – 280 б.
4. Мұхамеджанов, Ш. Күн төбеде тұрғанда [Мәтін] : өлеңдер / Ш. Мұхамеджанов. – Алматы : Жазушы, 1972. – 80 б.
5. Мұхамеджанов, Ш. Арыстанның ажалы [Мәтін] : өлеңдер / Ш. Мұхамеджанов ; суретшісі: Қ. Егізбаев. – Алматы : Балауса, – 1996. – 16 б.

Шәміл Мұхамеджанов туралы басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізімі:



6. Шалқар, Жәлел. Мұқағали жырлаған Шәміл кім еді? [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджанов туралы] / Жәлел Шалқар // Үркер. – 2018. – № 11. – Б. 26–27.
7. Мұхамеджанов, Шәміл. Қара бала [Мәтін] : [1маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай] / Шәміл Мұхамеджанов // Жыл он екі ай. – 2016. – № 3. – Б. 2.
8. Ниязбекұлы, Байбатыр. Ақынның жыр ғұмыры [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджановтың 80 жасқа толу кеші туралы] / Байбатыр Ниязбекұлы // Біздің Торғай. – 2011. – 8–15 қараша. – Б. 2 .
9. Сүндетбаев, Ғабит. «Ардағым Торғай, асылым Торғай» деп жырлап өткен Шәміл аға [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджановтың туғанына 80 жылдық мерейтойына орай Алматы қаласында өткен еске алу кеші жайлы] / Ғабит Сүндетбаев // Біздің Торғай. – 2011. – 1 қараша. – Б. 2.
10. Абдуллин, Әмірхан. Өтті алдымнан жастық елес [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджановтың туғанына 80 жыл толуына орай] / Әмірхан Абдуллин // Біздің Торғай. – 2011. – 25 қазан. – Б. 3.
11. Ғали, Т. Торғайдан ұшқан тарланбоз [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджановтың туғанына 80 жыл толуына орай] / Т. Ғали // Айқын. – 2011. – 18 қазан. Б. 7.

12. Мақатаев, Мұқағали. Шәмілге жазған хаттардан [Мәтін] : [өлеңмен жазылған хаттар] / Мұқағали Мақатаев // Қазақ. – 2011. – 7 қазан. – Б. 7.
13. Мұхамеджанов, Шәміл. Жарияланбаған өлеңдер [Мәтін] : [өлеңдер] / Шәміл Мұхамеджанов // Қазақ. – 2011. – 7 қазан. – Б. 6.
14. Шәмілқызы, Дариға. Әке [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджанов туралы естелік] / Дариға Шәмілқызы // Қазақ. – 2011. – 7 қазан. – Б. 7.
15. Абдуллин, Әмірхан. Өтті алдымнан жастық елес... [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджанов шығармашылығы туралы] / Әмірхан Абдуллин // Қазақ. – 2011. – 16 қыркүйек. – Б. 10.
16. Қайырбеков, Ғафу. Алпыс жылдыққа арналған сөз [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджановтың 80 жылдығына орай] / Ғафу Қайырбеков // Қазақ әдебиеті. – 2011. – 14 қазан. – Б. 10.
17. Молдағалиев, Тұманбай. Ақын Шәміл туралы сөз [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджанов шығармашылығы туралы] / Тұманбай Молдағалиев // Қазақ. – 2011. – 7 қазан. – Б. 6–7.
18. Мұхамеджанов, Шәміл. Көңілді қыс [Мәтін] : [қыс туралы өлең] / Шәміл Мұхамеджанов // Балапан әлемі. – 2010. – № 1. – Б. 25.
19. Кенжеахметұлы, Сейіт. Ақиқатын айтып кеткен ақын [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджанов] / Сейіт Кенжеахметұлы // Торғай. – 2001. – 19 қазан. – Б. 4.
20. Жүнісұлы, Мұрат. Шәміл шыққан шың [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджанов туралы] / Мұрат Жүнісұлы // Торғай. – 2001. – 19 қазан. – Б. 4.
21. Абдуллин, Әмірхан. Құс жолының бір жұлдызы [Мәтін] : Шәміл Мұхамеджановтың туғанына 70 жыл толуына орай / Әмірхан Абдуллин // Қостанай таңы. – 2001. – 9 қазан. – Б. 2.
22. Мұхамеджанов, Шәміл. Інілерге [Мәтін] : [өлең] / Шәміл Мұхамеджанов // Қазақ әдебиеті. – 2001. – 5 қазан. – Б. 9.
23. Жүнісұлы, Мұрат. Шәміл шыққан шың [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджанов туралы] / Мұрат Жүнісұлы // Торғай. – 2001. – 19 қазан. – Б. 4.
24. Оспанов, Сейфолла. Адалдықтың ақыны [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджанов туралы] / Сейфолла Оспанов // Егемен Қазақстан. – 2001. – 20 қазан. – Б. 4.
25. Жүнісұлы, Жақсылық. Жақсы сөз жан семіртер [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджановтың туғанына 60 жасқа толуы туралы] / Жақсылық Жүнісұлы // Торғай таңы. – 1995. – 24 қаңтар. – Б. 4.
26. Жүнісов, Жақсылық. Өлеңмен өрген өмірін [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджановтың 60 жылдығы] / Жақсылық Жүнісов // Торғай таңы.

– 1991. – 18 қазан. – Б. 4–7.

27. Мырзалиев, С. Ақын туған жерде өткен той [Мәтін] : [ақын Шәміл Мұхамеджановтың туғанына 60 жыл мерей тойы туралы] / С. Мырзалиев // Торғай таңы. – 1991. – 24 желтоқсан. – Б. 4.

Ол туралы:

28. Мұхамеджанов, Ш. [Мәтін] // Торғай елі : энцикл. / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 307.
29. Мұхамеджанов, Ш. [Мәтін] // Торғай тарландары : өмірбаяндық энцикл. / құраст. Ә. Жақып. – Астана, 2009. – Б. 131.
30. Мақатаев, Мұқағали. Мәңгілік өлмейтұғын ән қалдырсын! [Мәтін] : [өлең] / Мұқағали Мақатаев // Мұқағали. – 2019. – № 6. – Б. 3–11.

Ақын-жазушылардың жылы лебіздері

«Шәміл Мұхамеджанов – қазақ оқырманына көптен танымал лирик ақын. Өз қатарында өз еңбегімен, өзіндік талант жемісімен поэзия қазынасына едәуір үлес қосып келе жатқан қажырлы қаламгер. Шынында ой жүгіртіп қарасақ, ақын еңбегінің өнімі ауыз толтырып айтарлық екен...»



*Мұхаметжан Қаратаев,
академик*

«Шәміл өмірдің үлкен сағынышының жыршысы еді. Оның артында өзінше әсем, өзінше сүйкімді, сазды, әуені мол ақындық мұрасы қалды. Өмір поэзиясының үлкен бір томы қалды. Жәй «қалдыдан гөрі», көңіл жұбатудан да жоғары, шүкіршілігі мол, әрі табиғаттай шын, бар поэзиясы қалды. Ол – барлық қызығын поэзиясынан, талантынан көріп өтті...»



*Ғафу Қайырбеков,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты*

«Шәміл Мұхамеджанов өз өмірінде он беске тарта жыр жинақтарын шығарды. Ақын боп туып, ақын боп өмір сүрді. Неге екенін кім білсін, сол баяғы жас кезімізде ол: «Мен елуге сендерден ертерек келемін. Елудің не екенін сендерге мен айтатын боламын. Тұмаш, сені Торғайға бір апарсам. Сен біздің даланы көрсең, бағың ашылып кетер еді-ау, шіркін!» – деп арман айтып отыратын. Шәміл шынында елуге бізден ертерек жетті. Өзі жетпеді, артына қалдырып кеткен көзі – өлеңдері жетті. Біз енді оның жырларының тойын тойлаймыз. Табиғатында момын, сенгіш,



сезімтал ақын досымыздың қалдырған мұрасын – жырын біз әркез көкірегімізге басамыз. Оның өзін көргендей, жүзімізге жылу, көзімізге шуақ қайта пайда болады.» Қадыр Мырза-Әли, ақын, Қазақстанның Халық жазушысы: «Шәміл әдебиетке

ә дегеннен жақсы еніп, кітаптары жыл сайын шығып, Жазушылар одағының мүшелігіне бірден қабылданды. Шәмілдің қарымы үлкен еді. Шәміл менің жақсы көретін ақыным. Қалжың-қағытпасы бар, ақкөңіл азамат. Ақындығы да, өмірі де алақандағыдай. Қашанда көңілде жүретін есім...»


*Тұманбай Молдағалиев,
ақын, Қазақстанның Халық жазушысы*

«Шәміл – өлең есігін еркін ашып келген ақын. Қасиетті Торғай даласынан ұшып шыққан мен білетін Шәмқам (үлкен де, кіші де Шәмқа дейтін) тәкаппарсуды, тәлімсуді білмейтін. Көңілі ашық, жарқын, жаны жайсаң еді. Жанарындағы жылт-жылт еткен уытты жымысынан біраз жұрт жасқанатын.»



*Бекен Әбдіразақов,
ақын*

«Құрдасы да, ой бөлісер сырласы да Шәмілге ақтаңгер ақын Мұқағали Мақатаев көптеген жырлар жолдаған. Талантты ақын болуымен қатар, Шәміл көпшіл жігіт, бауырмал жан, ақкөңіл азамат та болған. Шәмілдің тірілігіндегі жайма шуақ қалпы өлеңдерінен де сезіліп тұрады...»



*Әмірхан Абдуллин,
қаламгер*

«Шәміл ақынның қарапайымдылығын көріп өстік. Бос мақтан, өтірік сөз, ісініп-кебінуден аулақ еді. Өлеңдері сырлы, нәзік, көбіне-көп ойға құрылатын. Оның негізгі тақырыбы – достық, туған жер, ел, жастық шақ болатын. Поэзияны поэма жазудан бастаған ақынның еңбектері өлмес дүниелер. Ой теңізіне күні-түні қармақ салумен өткен ақын өлеңдері мәңгілікке жалғаса береді.»

***Серікбай Оспанов,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі***



«Шәміл ағаны көз алдыма елестетсем, менің есіме сонау алыстағы мектебім еске түседі. Негізін Ыбырай Алтынсарин қалаған сол мектептің тарихы да бөлек. «Алға» деп аталатын қабырға газеті шығып тұрушы еді. Шәкеңнің өлеңдері осы «Алғада» жарияланатын, одан кейін ауданның «Социалистік ауыл» газетінде ақын жырлары жиі жарық көретін. Шәміл ақын кейін зор ақын болды, шоң ақын атанды. Өмірінде шын мәнінде ақын бола білді, мәнді де мағыналы өмір кешті. Өзі де қарапайым, барынша бауырмал ақын ешкімді жатсынбайтын еді. Құшағы кең-тін. Досқа адал, ағайынға мейірімді Шамағаң сыртқа да, ішке де жайлы-тын...»

***Қоғабай Сәрсекеев,
жазушы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты***



«Шәміл әдебиетке ә дегеннен жақсы еніп, кітаптары жыл сайын шығып, Жазушылар одағының мүшелігіне бірден қабылданды. Шәмілдің қарымы үлкен еді. Шәміл менің жақсы көретін ақыным. Қалжың-қағытпасы бар, ақкөңіл азамат. Ақындығы да, өмірі де алақандағыдай. Қашанда көңілде жүретін есім...»



*Қадыр Мырза-Әли,
ақын, Қазақстанның Халық жазушысы*

«Бала күнімде папамның Торғай даласына деген сүйіспеншілігіне онша түсіне бермейтінмін. Тақыр дала, қайда қарасаң да аспанмен шектескен көкжиек. Медеудің жөні бөлек қой. Тау,өзен, биік шыршалар. Қарлы шыңдар, көк майса шалғын.Ал, папама ең ыстығы-даласы еді. Қазір, есейген шақта әкемнің даласына деген сезімін түсінемін. Қазақ бойына күш-қуаты тек өзінің ұлан-байтақ даласынан алады...Папам әдемілікті кез-келген нәрседен, тіпті шалғыннан да көре білетін. Ол үнемі біздің ой-қиялымызды байытуға тырысатын... Кейде қулана жымыып, әртүрлі пішінде өскен картоп пен қызанақты көрсетіп неге ұқсайтынын сұрайтын. Көкөністі қолыма алып, әрлі-берлі қарап, бір нәрсеге ұқсастығын тапқан сәтте қуана айқай салатынмын»

«Әкемнің шабыт көзі тек табиғатта ғана емес, оның балаларына деген сүйіспеншілігінде еді. Папам бізге арнап өлең шығарды, біз жайлы жазды. Ол мені ылғида алдына отрғызып,шашымнан иіскейтін, сосын өзінің сүйікті қызына яғни, маған арнап шығарған өлеңдерін оқып беруімді өтінетін. Жаздың салқын кештерінде жұлдызды аспанға қарап, Жетіқарақшы жұлдыз шоғырындағы жеті жұлдызды «бұл менің жеті балам» деп қайталап айтқанды ұнататын»



«Әкетайым менің! Менің бойжеткенімді көрмейтініңді, немерелеріңді де бағып-қаға алмайтыныңды сезбедің де... Мен небәрі он екі жасымда әкемнен айырылдым...»

Дариға Шәміл

Шаміл Мұхамеджановтың кітаптары



Ол туралы жарияланған кітаптар



Баспасөз бетіндегі жарияланымдары:

Шәмiл-ау!
Хал-жайымды білсең еді,
Бiлмейiмiн қайтерiмiдi...
Кiм сенедi?
Оң жетiмiде өшiрiп алған отым,
Қайтер ең, қайта қарып жүрсe менi?

Бiр дертке ұшырадым бұл күнде мен,
Қошпастым сауығыммен, күлiкiмменен.
Жүрегiм жерiк болған жағдайы бар,
Бiр пәле жатыр бiлем бұяқiлдеген.

Ынтығып ыңқылменен, күңкiлменен,
Жеткiзiп айту қиын құр тiлменен.

Өлесiңдi өртеп дерт, жанышмай ма?
Махаббатқа арнап бiр эң шығарсың,
Шәмiл-ау!
Шәмiл қайда?
Шәмiл қайда?
Шәмiлге айт,
Тағы да бiр таңдандырсың,
Жындандырсың жүректi, жасдандырсың!
Мәңгi өлмес Махаббатым айта жүрер
Мәңгiлiк өлмейтұғын эң қаздырсың!

3
Махаббат бүгiн жемe қарамады,
Қарамады...

Ойнақы жырым менiң кiмге керек?
Тулайды тұтқындалған ақтiндей,
Шығарықты айналып шыр көбелек.

Жоқ, Шәмiл,
Менiң ойым бөлeк едi,
Басқа жыр, басқа құмар керек едi...
Құл болсам Махаббатқа, менде ерiк жоқ,
Ерiксiз өшiр маған не бередi?!

Махаббат түсiнбедi, ауақпады,
Арнағым кеттi менi алдап тағы,
Сая iздеп құр бекерге сабылыптын,
Табыныптын сағымға әр жақтағы.

Шәмiлге жазған хайттардан

Бүгiн маған жиырма керек боп жүр
Алғанда хор қызының iрбiлмеген.

Белгiсi саған менiң мауыжастығым,
Сабырсыз, ауы күлген адрасптымын,
Көсемдi алдыменен үрлеп алам,
Месм шайды ауыма алмас бұрын.

Ойласам, талай-талай қыр басыптын,
Досым деп, «доңызбен» де мұңдасыптын...
...Шәмiл-ау!
Қалың достан қалған сен ең,
Қайтпейсiң?
Ғашықпын мен,
Шың ашықпын!!!

Ғашықпын!
Ғашықпын деп бiлдiрмедiм,
(Белгiсi; бiлдiрсенiм – бұлдiрсенiм).
Жарқ етiп жайдың оты шашиылғанда,
Жазт берiп, қараула да үлгiрмедiм...

2
«Достардың» ортасына түсiп қалдым...
(Шәмiл-ау!
Осы менi ұшықтар кiм?)
Желдерiне желiлiп тысықтардың,
Көше мен махаббатқа iшiп бардым.

Бардым-дағы отырдым жүйелiнiң алдында
Ел да отыр,
Түрi жоқ хал сұрамақ,
Сұқпаған жат көздерден жасқандым да.

Тайып тұрдым,
Қашағы эл шыдамақ.

Тл қатып, тiс жармадым, үндемедiм,
Бiлмейiмiн бiлгенiң де бiлмегенiң,
...Мен деген – саудам бiткен саудагермiн,
Көрегiм бола қойсың кiмге менiң?!

О, шiркiн!
Қайран күндер!
Сайран күндер!
Қанатын бақыт құсы жайған күндер!
Жазт бұрылып, оқыс бiр қарағанда,
Жүзiннен жүрегiңiңiң, тыйған кiмдер?!

Сол күндер бой жүрегiңiңiң аңсалағы.

Соған шөлдеп, айызым тамсанады.
Өкiңiш не, бiлмейiмiң, қуаныш па?
Өз-өзiнен жүрегiң эң салады.

Жанымды жаралады.
Шәмiл-ау!
Бiлесiң бе?
Шың махаббат
Осылай қарамаудан жаралады!

Мейi, ол қарамасын, түсiнбесiң,
Осылай асаққ болсын, кiшiрмесiң.
Бастан ауып баратқан тал түсiме
Талдырым көлеңкесiң түсiрмесiң.

Ескермесiң, бiлмесiң,
Көше берсiң,
Бұл фәниден алаңсыз өте көрсiң!
Дәрменсiз менiң мылқау махаббатым,
Сiрә да, өмiрiмен өтелерсiң...

4
Шәмiл-ау!
Күндер өттi,
Айлар өттi,
Алаңсыз қайран күндер қайда кеттi?
Махаббат саулесiне ұрындым мен,
Махаббат өмiрiмдi ойран өттi.

Қазiр түн,
Көктем түнi маусырап тұр,
Отырмын жазбай, сызбай қалжырап құр,
Алғанда тергелесiң – көрi қайып,
Көктей алмай бұтама сүйенiп тұр.

Ақ нөсер аңыран кеп дүркiң-дүркiң,
Ашылар,
Кәрi қайың көктер бiр күн,
Махаббат менi, сiрә, дауалар ма,
Бет алып бұрылмаққа кеткен шiркiң.

Көшiлердiң көзiнен қан атылып,
Қаза жатыр,
Қазiр түн,
Даза тұнық,
Махаббатты күзетiң, кiрпiк iлмей,
Бүгiн және отырмын таң атырып.

5
Шәмiл, Шәмiл!
Айназдым жазылмасқа,
Күйрейтұғын тұрым бар жазым бассам.

Қазiр менен сауық пен сайран қалған,
Жайына жыр да қалған жазылмастан.

...Қазiр түн,
Сыртта нөсер,
Сұыр айы,
Көктемдiң алдеқашан кәрi қайып,
Сәлден кейiн тағы да таң атады,
Тағы да...
Сары уайым...
Сары уайым...

6
Шәмiл,
Шәмiл!
Шаршадым, қалжырадым,
Ет жүрегiм өзiлдi, қан жылады,
Жырым менiң – науқастың сандырағы,
Құным менiң – тазының қарғыбауы,
Темiр емес, мен-дағы адаммын гой,
Аңнап емес, адамнап жерардым гой!
Шәмiл-ау!
Түңгiшқа қамалдым гой!
Қайтермiң?!
Қайда барып жазармын бой?!

Тағы түн,
Тағы менен ұйқы қашты,
Қайтпейiң қаңыраған күйiң басты?
...Алдыма мынау фәни тыржақалаған,
Шығарып тiлiң маған, сиққан ашты.

Махаббат менен кеткен,
Бөлесте жүр,
Мен де бiр – жасың түскен терек те бiр,
Тiрiшiлiк махаббаттан таралған гой,
Шәмiл-ау!
Ендi маған керек не өмiр?!

1-4 наурыз, 1971 ж.



Мұқағали МАҚАТАЕВ.

Шәмiлдiң жаңа жинағы

Ақын Шәмiл Мұхамеджановтың туғанына 70 жыл толуына орай "Жыр-ғұмыр" шығармалар жинағының алғашқы кітабы жарық көрді. Кітап барынша көркем безендіріліп, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Қоғабай Сәрсекеевтердің алғысөзімен Алматының "Гауһар" баспасынан шықты. Жинаққа Ш. Мұхамеджановтың әр жылдары баспадан шыққан "Қошалақ", "Құлыншақтарым", "Күн төбеде тұрғанда", "Назқоңыр", "Ақжелең", "Жас қанат" және "Туысқан" жинақтарына енген өлеңдері кірген. Оқырман қауым сыршыл лирик ақынның өміршең өлеңдерімен қайыра қауышып отыр.

"Гауһар" баспасы Шәмiл Мұхамеджановтың "Притяжение отчей земли" атты бір томдық өлеңдер жинағын орыс тілінде шығарды. Орыс тіліне аударғандар – Амантай Азетов пен Лев Халиф. Мұқағали Мақатаевтың құрдасы да сырласы Шәмiл ағаның өлеңдерімен қайыра қауышып Қостанай-Торғайдағы жерлестері де бір жасап қалды.

Әмірхан АБДУЛЛИН.

Торғай.

“Ардағым Торғай, асылым Торғай”

деп жырлап өткен Шәміл аға

(Шәміл Мұхамеджановтың 80 жылдық мерейтойына орай Алматы қаласында өткен еске алу кеші жайлы)

Шуақты жазға бергісіз мизам шуақ күзімен өршіленетін әсем Алматы. Сұмбіле айы. Күн де Шәміл ағаның өзіндей тынышталып, бір уақыт үнсіз қалғандай...

Шәміл ағамыздың үйіндегі жөңгеміз Мәриям Сыздықұзының телефон шалып: “Кішкентай кайным, ағаның 80 жылдық мерейтойына елдің атынан келетін бол, шақырамын. Аудан әкімі Нариман ұлыма да хабарласып айттым, уақытым болса ақын ағаның еске алу кешіне барып қатысасын деді”. Телефон арқылы ағамыздың ұстазға тән жұмсақ үніне Алматы бауырым да қосылып “обязательно” калу керек деп жатты. Жош, сонымен аудан басшылары, елдің азаматтары арқалы ақын, аудармашы, жерлесіміз Шәміл Мұхамеджановтың мерейтойына қатысып қайтудың жолын елдің атынан маған ұсынды.

... Абылайхан даңғылының бойында орналасқан Қазақстан Жазушылар Одағының Әдебиетшілер үйінің конференц залы. Атақты ақын-жазушылардың көзі тірілерінің өзі, жоғынның көзі болып артында қалған жұбайлары, балалары қуанышпен қауышып жатты...



Бұрынғы ҚазМУ, ҚазПИ-дің филология факультеттерінің студенттері зағдылық болдырды. Кештің ресми бөлімін Жазушылар Одағының екінші хатшысы, ақын Ғалым Жайлыбай сөз сөйлеп ашты. Негізгі баяндамашы Темірхан Төбененов өте тамаша жасады. “Ақылды ағанды, қарапайымның ұлысы” деп атаған зиялы қауым Шәміл аға рухына әсірәк Алатаумен бірге дәл бүгін бас иегендей.

Ғаббас Қабышев, Қоғабай аға Сірсекеев, Сәйфолла Оспан, Мыңбай Рәш, Сәкен Иманосов т.б. Шәміл шығармашылығына, өміріне, азаматтық биіктігі мен т.б. беймәлім жақсы қасиеттеріне тереңдей тоқталып, үлкен құрметпен еске алды. Арасында өн жырға да көзек беріліп отырылды. Еске алу кешін жас қаламгер Саят Қамшыгер қолына алып, өз бабында әсем жүргізіп шықты.

Торде Шәміл ағаның жары, жеті баланың анасы, қарашырақтың отын сөндірмей, түтінін түтетіп отырған жөңгеміз Мәриям Жүнісова - Мұхамеджанова. Сый сияпат, алғыс сөздер, шоқ шоқ гүлдер кештің ажарын аша түсті. Сөз арасында, ұйымдастырылған концерттік бағдарлама да өз орнын тауып жатты. Сөз кезегі маған берілген сөтте, қаншама зиялы қауым өкілдері шыққан мінбер жүрегіме керемет, ғажап әсер етті. Аудан әкімі Н.И. Төлеповтің атынан әзірленген құттықтау хатты тебірене оқып, Мүшелбай зергердің соққан жүзігін, гүл шоғын ұсынып, кестелі зерлі шапан мен ақ шөліні Мәриям апаныңиығына жаптым.

- Бүкіл Торғай келгендей болды ғой, өлге ыстық сәлем айт,- деді Мәриям апа толғанысын жасыра алмай...

Еске алу кешінде ЕврАзЭС-тің бас хатшысы Тайыр Мансуровтың арнаулы құттықтау

хаты оқылды. Реті келіп тұрғанда айта көтейік, осы ЕврАзЭС-тің жауапты хатшысы, Ресей Ғылым Академиясының толық мүшесі, ғалым-экономист С.Ю.Глазев, Шәміл ағаның Алуа есімді қызының жұбайы. Ақын ағамыздың осы еске алу кешінің жоғары деңгейде өткізілуі, 80 жылдық мерейтойына арнап ағаның кітабының шығуы да қазақтың “күйеу баласы” С.Ю.Глазевтің еңбегі өкпендігін атап өткеніміз жөн.

Күйеу жігіт Сергей Юрьевичтің “құдай қаласа өкі баламды (жөңгелерді) қайынатамның өліне апарып, нағашыларының туған жерін көрсетім көледі. Балаларымның ұлы Абайдың тілі, қазақ тілін үйренгенін қалаймын” деп айтқан сөзі менің Сергей күйеуге деген құрметімді, шыны керек, одан бетер арттыра түсті.

Шәміл ағаның 80 жылдық тойында жерлесіміз, ақын Сырбай Мауленовтың баласы, ғалымдарының докторы, профессор Қасым Сырбайұлы нағыз азаматтық жүрегімен үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп қызмет жасады. 15-ші қазан күні “Қазақстан” қонақ үйі қасында кездесіп, Сағат досымының баласы Алматың көлігімен барлық зиялы қауымның бағалық орын талқан жері “Жаңсайға” арнайы барып, ағалардың басына, Сырбағ зиратына тағзым етіп, оларға құран бағыштадық. Міне, осындайда тектінің тектілігін айтуларыз ғой...

... Ақын ағаның аруағына құран бағыштал жайылған дастархан басында белгілі ұстаз, Әлі-Фараби атындағы қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің профессоры Әбілғайып аға Ыдырысов батасын беріп, аталық ақыл сөздерінен жауһардай тізбектел тамаша тілегін айтты. Ол үйдегі Таращолған жөңгеміз бен ақын-сағирек Мыңбай Рәш кешті қыздырып, жастық шағтарындағы шығармашылық ортаның сүйіп тыңдайтын аристарынан үзінділер орындап, көпшілікті бір серпілтіп тастады. Қорыта айтқанда, өмірде қарапайым болған Шәміл ағаның мерейтойы сырласу кезіндегі ашық жарқын көңілмен өте жақсы өтті.

“Салыныш жыршысы” болып артына мәңгі өлмейтін рухани қазына қалдырған, “Өлең менің жан жүрегім, бар сырым” деп сырын да, шыны да сол өлеңмен ақтарған, “Ардағым Торғай, асылым Торғай” деп туған жерін ұлықтап, “Мен сенен туған ырғақпын” деп жақсылар мен жайсаңдарға жыр арнаған ақын аға “Табылсам, өлең болып табылармын”- деп міне енді мәңгілікке мәхем болған Кенсай зиратында тыныстап жатыр.

Ақын ұрпақтарының қаржылай қолдауымен “Мектеп” баспасынан басылып шығарылған “Мен өлемге өз тілімде үн қатам...” атты таңдамалы өлеңдер жинағының 500 данасы еске алу кешіне жиналғандарға тарту етілді. Кеш соны өн жырға ұласып, көңілді күймен толқытты. Атасының өлеңдерін нөмересі Әсем Алматызы өзіннің арнау қауырсын жырларымен қоса тамызықта оқыды.

“Өлді деуге болама айтыңдаршы, өлмейтұғын артында із қалдырған” деп ұлы Абай айтқандай, артында қалған жақсы ұрпағы бар Шәміл ағаның аты ұмыт болмайтыны сөзсіз. Ақын аға, осылайша Сіздің шағала көңіліңіз өркін шарықтап, Торғайдың ақ шаңынан жаратылған таза адами рухыңыз мәңгі жасай бермек.

Ғабит СҮНДЕТБАЕВ,
Аудан әкімінің орынбасары,
“Нұр Отан” ХДП Жангелдин аудандық филиалының төрағасы.
Суретте: Мәриям апайға сый-сияпат көрсету сәті.



Шәміл Мұхамеджановтың отбасы



Ақынның жары Жүнісова Мариям Сыздыққызы



Ақынның жары Мариям Сыздыққызы мен балалары

Ақын өлеңдері Жақсылық пен жамандық

Жақсылық пен жамандық,
Арбауменен келеді.
Неше түрлі амал ғып,
Алам деумен келеді

Ізін бағып күні-түн,
Сүріндірмек болады.
Жығам деген үмітін,
Келеді үзбей ол әлі.

Біледі әбден жақсылық,
Ойда екенін ол мұндай.
Торласа да қаншалық,
Келеді бір алдырмай.

Сүйтсе-дағы ол дәйім,
Жақсылықты торлайды.
Ал ақ ниет бар адам,
Жақсылықты қорғайды.

Жамандықты жақтайтын,
Арам ниет азайып,
Жақсылық тіс батпайтын
Күш боп алды ғажайып.

Мұны сезген жамандық,
Іші күйіп, булығып,
Күн көруді амал ғып,
Әр тасада жүр бұғып.

Арманым алға ұмтылып

Әр таңды күтем ынтығып,
Әр күнім шаттық тосты алға.
Арманым алға ұмтылып,
Тілеймін бақыт достарға.

Жақсылық тілеп тұрам мен,
Естілмесе екен жат хабар.
Естісем екен жыр, ән мен.
Көңілден бірден жатталар.

Бұл таңда, шіркін, тыңдасам,
Досымның жаңа бір жырын.
Теңіз боп тасып туласам,
Шырқатып жүрек бұлбұлын.

Қуаныш болып бүгінде,
Жүрердей айтып тамсанып,
Досымның туған күнінде,
Отырсам шалқып ән салып.

Немесе бүгін бір достың,
Ұл туса жары ақ маңдай.

Дер едім мен де нұр құштым,
Арайлап таңым атқандай.

Бір әжей қызы ұзатып,
Бір әжей келін түсірсе.
Немесе мені қуантып,
Бір інім ВУЗ-ды бітірсе.

Думан-той болып жатса ғой,
Жаңғырып күнде әр тұста.
Мереке-дуға батса ғой,
Бір ағам келіп алпысқа.

Осылай шаттық ұласып,
Үзіліп, бір сәт тынбаса,
Күндермен солай сырласып,
Теңіз боп жаным туласа.

Ал, бұдан артық ғұмырда,
Япыр-ау.нені тілермін.
Төрт жағым тең құбыла
Мен онда, достар, түгелмін.

О, сенгіш менің жүрегім

Күдігім болып көптеген,
Жақындық сізден күтпеп ем.
Қырыққа жасым жетсе де,
Ұқпаппын әлі түк те мен

Ұқапаппын жақсы, жаманды,
Ұқпаппын жақын адамды.
Жақынға балап жүріппін,
Құркеуек кейбір наданды.

О, сенгіш менің жүрегім,
Кімдерге сеніп жүр едің?
Солардың тиіп соққысы
Ақыры міне, жүдедің.

Болды ғой өсек,
Жала да,
Бұл бір сізге, жан аға.
Қайырлап қалған кемемді,
Шығардың өзің жағаға.

Атқандай алдан күліп таң,
Толғанды жүрек,
Жылып қан,
Жер басып тірі жүрсем мен,
Жақсылығың осы ұмытпа!

Ақын өлең жазғанда,
Одан өзге жоқ пенде.
Мына бүкіл жалғанда,
Қысың да – сол Көктем де.

Құйып өтер селдетіп,
Қара нөсер жауын боп.
Дүниені тербетіп,
Бұрқыраған дауыл боп.

Сөйтіп барып тынады ол,
Теңіз тына қалғандай.
Асқақ қарап тұрады ол,
Жалғыз өзі жалғандай.

Дүние-мүлік барына,
Қарамайды сондықтан.
Ақындардың жары да,
Әуел бастан соны ұққан.

Сонан ба екен олар да,
Дүние-мүлік қумайды.
Ақын жырын жазарда,
Қолды-аяққа тұрмайды.

Жүрегінің жылуын
Құяды оған тым ыстық.
Бітіргенше ол жырын
Тілейді оған тыныштық...

Мазмұны

1. Өлеңмен өрген өмірін.....	4–5
2. Шәміл Мұхамеджановтың шығармалары.....	6
3. Шәміл Мұхамеджанов туралы басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізімі.....	6–8
4. Ақын-жазушылардың жылы лебіздері	9-12
5. Шәміл Мұхамеджановтың кітаптары.....	13
6. Ол туралы жарияланған кітаптар.....	13
7. Баспасөз бетіндегі жарияланымдары.....	14–16
8. Шәміл Мұхамеджановтың отбасы.....	17
9. Ақын өлеңдері	18–19

Шығ. жауапты:....К.Б. Борибаева
Құрастырушы:.... К.М. Аубакирова
Редакторы:.....Ә.К. Ахметжанова

Басуға 20.09.2021 ж. қол қойылды.
Қаріп түрі Times New Roman.

Басылымның көлемі: 0,6

Таралымы: 3

«Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – mail:arkounb@mail.ru

